

«Ұлжан-Ана» бөбекжай балабақшасының

№1 хаттамасы

29.08.2024 ж.

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлау.
2. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
3. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың қорытынды есебі.
4. Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы.
5. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары, ҰІӨ кестесі, күн тәртібі және педагогтардың жоспарларын бекіту.
6. Жас мамандарға тәлімгерлерді және жүргізілетін жұмыс жоспарын бекіту.
7. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін бекіт, комиссияның құрамын сайлау.
8. Тәрбиешілерді топтарға бекіту
9. Конституция мен Білім күніне арналған іс-шара жоспарын бекіту.

1.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе педагогикалық кеңес хатшысын сайлау, туралы балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева сөз алды.

Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Әуелі педагогикалық кеңес хатшысын сайлап алуды ұсынды. Хатшылыққа балабақша іс жүргізушісі Г.Санаева ұсынды. Педагогтар бір ауыздан келісіп сайлады.

2.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы іс жүргізуші Санаева айтып өтті.

Тәрбиешілер ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарын түзіп, күн тәртібі барысында балаларды қабылдау, шығарып салу кезінде түрлі тақырыпта кеңестер беріп отырды. Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында жақсы қарым-қатынас орнаған. Жас мамандармен жаз мезгілінде де жұмыс жүргізіледі. Жазғы сауықтыру, ойын сауықтарды ұйымдастыру кезінде ақыл- кеңестер беріліп, түсіндіру жұмысы жүргізілді.

1. Күн тәртібіндегі Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы туралы балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева сөз алды
Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы қанағаттанарлық деп біршама жұмыстарға тоқталып өтті.

1.Тыңдалды:балабақша меігерушісі М.Ахмедиева

2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары, ҰІӨ кестесі, күн тәртібі және педагогтардың жоспарларын бекіту

**2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-
ӘРЕКЕТІНІҢ КЕСТЕСІ
МЕКТЕПАЛДЫ ТӨП**

<i>Апта күндері</i>	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері	Сауат ашу негіздері	Математика негіздері	Математика негіздері	Сауат ашу негіздері
	Қазақ тілі	Математика негіздері	Қазақ тілі	Сөйлеуді дамыту	Сурет салу (мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)
	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру
	Қоршаған ортамен таныстыру	Сөйлеуді дамыту	Көркем әдебиет	Қоршаған ортамен таныстыру	Көркем әдебиет

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын
3	Қазақ тілі***	күн сайын
4	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын
5	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын
6	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын
8	Музыка****	күн сайын

Ересек тобы
4-5 жасқа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары
2024-2025 оқу жылы

№	Білім беру салалары/ұйымдастырылған оқу қызметі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Айлық сағат саны	Оқу жылындағы сағат саны
1	Дене шынықтыру	3	-	12	108
	Дене шынықтыру **		күн сайын	-	-

2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет		күн сайн	-	-
	Қазақ тілі	1	-	4	36
	Қазақ тілі ***		күн сайн	-	-
3	Математика негіздері		күн сайн	-	-
4	Қоршаған ортамен таныстыру		күн сайн	-	-
5	Сурет салу		күн сайн	-	-
	Мүсіндеу		күн сайн	-	-
	Аппликация		күн сайн	-	-
	Кұрастыру		күн сайн	-	-
6	Музыка	2	-	8	72
	Музыка ****		күн сайн	-	-
7	Арнайы түзетіші іс-әрекет *****		күн сайн	-	-
	Барлығы:	6 сағат	-	24	216

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Ортанғы топ

3-4 жасқа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары

2024-2025 оқу жылы

№	Білім беру салалары/ұйымдастырылған оқу қызметі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Айлық сағат саны	Оқу жылындағы сағат саны
---	---	------------------------------	-------------------------	------------------	--------------------------

1	Дене шынықтыру	3	-	12	108
	Дене шынықтыру **		күн сайн	-	-
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет		күн сайн	-	-
	Қазақ тілі	1	-	4	36
	Қазақ тілі ***		күн сайн	-	-
3	Математика негіздері		күн сайн	-	-
4	Қоршаған ортамен таныстыру		күн сайн	-	-
5	Сурет салу		күн сайн	-	-
	Мүсіндеу		күн сайн	-	-
	Аппликация		күн сайн	-	-
	Құрастыру		күн сайн	-	-
6	Музыка	1	-	4	36
	Музыка ****		күн сайн	-	-
7	Арнайы түзетіші іс-әрекет *****		күн сайн	-	-
	Барлығы:	4 сағат	-	20	180

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді. Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Кіші топ
2-3 жасқа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары
2024-2025 оқу жылы

№	Білім беру салалары/ұйымдастырылған оқу қызметі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Айлы сағат саны	Оқу жылындағы сағат саны
1	Дене шынықтыру	3	-	12	108
	Дене шынықтыру **		күн сайн	-	-
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет		күн сайн	-	-
3	Сенсорика		күн сайн	-	-
4	Қоршаған ортамен таныстыру		күн сайн	-	-
5	Сурет салу		күн сайн	-	-
	Мүсіндеу		күн сайн	-	-
	Аппликация		күн сайн	-	-
	Құрастыру		күн сайн	-	-
6	Музыка	1	-	4	36
	Музыка ****		күн сайн	-	-
7	Арнайы түзетіші іс-әрекет *****		күн сайн	-	-
	Барлығы:	4 сағат	-	16	144

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі.

Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді. Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі. Осылай егжей тегжей таныстырып өтті. Күн тәртібінде осылай таныстырып бекітіп берді.

Тыңдалды: алтыншы мәселе бойынша Балабақша меңгерушісі: М.Ахмедиева Жас мамандарға тәлімгерлерді және жүргізілетін жұмыс жоспарын бекіту, **Мақсаты:** жас мамандарға педагогика мен психология саласында теориялық және практикалық мәселелер бойынша әдістемелік көмек пен жеке кеңестер беруді өткізуді

ұйымдастыру. Жас мамандарды педагогикалық ізденістерге үйрету, ұстаздық шеберлікке тәрбиелеу, қазіргі заман талаптарына сай жаңа ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қойылатын талаптарды меңгерту. **Міндеттері:**

- оқыту үрдісінде ізгілендіру мен демократияландыруды басшылыққа алу;
 - жаңа заман талабына қойылатын талаптарды зерттеу;
 - педагогикалық жаңашылдықты үйрену, меңгеру және дамыту педагогтарға мақсатымен міндетімен таныстырып өтті.
- Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін бекітіп, комиссияның құрамын сайланды. Тәрбиешілерді топтарға бекіту мәселесі 7 топ тәрбиешілер бекітілді. Конституция мен Білім күніне арналған іс-шара жоспарын бекітілді. Жылдық жоспар негізінде.

Шешім:

1. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлансын.
2. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың қорытынды есебі.
3. Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерілсін.
4. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары, ҰІӨ кестесі, күн тәртібі және педагогтардың жоспарларын бекітілсін.
5. Жас мамандарға тәлімгерлерді және жүргізілетін жұмыс жоспарын бекітілсін.
6. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін бекіт, комиссияның құрамын сайлансын.
7. Тәрбиешілерді топтарға бекітілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



М.Ахмедиева

Г.Санаева

«Ұлжан-Ана» бөбекжай балабақшасының

№2 хаттамасы

18.11.2024 ж.

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне жасалынған бақылаудың қорытындысын талдау.
3. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерін талдау.
- 4.Баяндама: «Баланың балабақшаға бейімделуі».

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева сөз алды.

Құрметті тәрбиешілер жаңа оқу жылының басталғанына да екі айдың жүзі болды. Жаңа 2024-2025 оқу жылына дайындық жұмыстары өз деңгейінде жүргізілді. Оқу тәрбие жұмысы стандарт талаптарына сай жоспарланып жүргізілуде. Бала өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі туралы нұсқаулық жүргізіліп, таныстырылды. Педагогтар мен тәрбиешілер іскерлікпен, шығармашылық пен методикалық талапқа сай жұмыс жүргізіп келеді.

2.Тыңдалды: Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне жасалынған бақылаудың қорытындысын талдау туралы айтылды.

Балабақшаның 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарына сай топ тәрбиешілерінің күн тәртібін сақтау жүйелілігін көру мақсатында 2024 жылдың 21-23 қараша күндері аралығында тексерілді.

Топтардың іс құжаттарынан бастапқы мониторинг, апталық циклограмма, перспективалары, жеке даму картасы тексерілді. Құжаттар талапқа сай жүргізілген. Тәрбиешілер апталық тақырыпқа сай жұмыстарын жоспарлап отырады. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізуде. Тексеру тақырыбына сай тәрбиешілердің көрнекіліктері, құжаттары және де қосымша материалдары тексерілді. Күн тәртібі- балар іс әрекеті мен демалысының уақыты мен кезегіне қарай тиімді өмір тәртібі. Балабақшадағы тамақтану, ұйықтау, ойнау, оқу, серуендеу – күн тәртібінің мазмұнын құрайды және олар қайталанып отырады.

Кіші жас «Балапан» тобының тәрбиешілері З.Кулумбетова тәрбиеленушілерімен қатар бір күндік күн тәртібі тексерілді. Балаларды балабақшаға қабылдау, тексеру, ойындар мен ертеңгілік гимнастикаға бақылау жасалды. Балалар өз уақытынан кеш келіп жатты. Тәрбиешілердің ата- аналармен қарым-қатынас жасау барысында балаларды балабақшаға уақытпен алып келулерін ескертіп айту керек еді. Сонымен қатар ортаңғы топ «Айголек» тобының ұйымдастырылған іс әрекеттеріне қатыса отырып, тәрбиеші Г.Шылғаубаева тәрбиеленушілермен жүргізген жұмыстары қаралды. Тәрбиеші іс әрекетін ойын арқылы балаларға қызықты етіп өткізді. Іс әрекеті аяқталысымен балаларды серуенге апаруға дайындалды. Серуен барысында табиғаттағы өзгерістермен таныстырып, еңбекке баулыды. Содан соң балаларды ойынға шақырып, қызықты ойындар ұйымдастырды. Сағат 11.30-да балаларды ішке кіргізіп гигиеналық шаралар жүргізді. Балалар өз беттерінше шешінуді, қолдарын жууды меңгеріп қалған. Игере алмаған балаларға тәрбиеші өзі көмек беруде. Ас адамның арқауы демекші жуынып болған соң балалар тамақтануға отырды. Балалардың отыруына, қалай тамақтану керек екендігін түсіндіре жүріп, тазалыққа шақырды.

Күннің екінші жартысында ортаңғы топ «Айголек» тобының тәрбиеленушілерінің ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары қаралды. Ортаңғы топ «Айголек» тобының тәрбиешісі Г.Шылғаубаева балалармен шынықтыру шараларын жасады. Балалар төсекте жатып гимнастикалар орындады. Содан соң түймелі іздермен жүріп біршама сергіп қалды. Беті –қолдарын жуып бесін асты ішуге отырды. Тамақтанып болған соң тәрбиеші ойын ойнатуға кірісті. Дидактикалық ойындар ойнатылып болған соң, серуенге шығуға дайындалды. Балалар сыртқа шығып түрлі ойындар ойнады. «Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуін бақылау» тақырыбындағы тақырыпты тексерудің келесі күндерінде ересек «Ақбота» тобы мен кіші жас топ «Балапан» тобы тексерілді. Ересек топтардың балаларды қабылдауынан бастап, таңертеңгілік ойындар мен ертеңгілік гимнастиканы қалай ұйымдастыруына бақылау жасалды. «Балапан» тобының тәрбиешілері З.Кулумбетова жіберілген қателіктерін көрсете отырып, келесіде болдырмау керектігі ескертілді. Балалар таңертеңгілік асқа барлығы бірдей отыруы шарт. Бірақ топ тәрбиеленушілері мерзімінен кешігіп келіп жатты. Сағат 9.00-ден-10.15 ке дейін ұйымдастырылған іс әрекетіне дайындық жүргізілді. Іс әрекеттері жүргізіліп жатқан тұста балалар кешігіп іс әрекетін ортасынан бөліп келіп жатты. Осындай кемшіліктерді болдырмауға тырысуымыз қажет. Ересек «Ақбота» тобының тәрбиеленушілерінің серуенге шыққан уақыты, еңбек етуі мен қимылды ойындары қаралды. Балалар серуенде білмегендерін тәрбиешілерден еркін сұрап, табиғатты бақылауға тырысты. Тәрбиеші Г.Султанова балалармен бірге ойындар ойнап, балалардың қызығушылығын одан әрі арттырды. Сағат 12.10- да балалар ішке кіріп, өз беттерінше шешініп, жуынуға кірісті. Балалар түскі ас ішуге отырды

3. Тыңдалды. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерін талдау.

Балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева сөз алып өткізілген ашық ұйымдастырылған іс әрекеттеріне тоқталып өтті.

Ересек «Ақбота» тобының тәрбиешісі Г.Султанова «Денсаулық» дағдысы бойынша «Асық- алтын қазынам» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс әрекетін өтті. ҰІӨ шаттық шеңберінен басталды. Асық ойнау барысында балалардың шынайы іс-әрекеттері көрінді, яғни асыққа деген қызығушылықтары басым болды. Ортаңғы «Айголек» тобының тәрбиешісі Г.Шылғаубаева «Ою-өрнек сәніміз» тақырыбында ҰІӨ өткізді. Ересек «Балбөбек» тобының тәрбиешісі Сапарбекова «Ою-өрнек сәніміз» тақырыбында ҰІӨ өткізді. Тәрбиешінің қойған мақсаты, білімділік тапсырмасы сұрақтар қойып, жауап алуы, сөйлеу мәнері қолданылған әдіс-тәсілдері балалардың сөйлеу мәнері қаралып, орташадан жоғары деген баға қойылды. Мад «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі Р.Әбдуәлі «Сиқырлы пішіндер» тақырыбында ҰІӨ өткізді. Балалардың саусақ маторикасы дамитын түрлі тапсырмалар орындатты.

Тәрбиешілердің жұмыстары сараланды. Ашық ҰІӨ талапқа сай өтті. ҰІӨ жақсы дайындалған.

4.Тыңдалды: «Баланың балабақшаға бейімделуі»

2 -3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

Сондықтан кеңес береміз:

- Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз.
- Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз
- Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,

горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.

- Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.

- Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

- Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға. Сондай – ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жібергеніңіз абзал.

- Жоспарлаңыз, балабақшаға бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні – ақ күн ұзағына қалдырмауды. Балабақшаға жаңадан келген балалар алғашқы аптада 3 – 4 сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.

- Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады.

- Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдануды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.

- Бала балабақшаға тек ауырмай келуі қажет. ОРЗ, ОРВИ сақтану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет, мұрын қуыстарын оксолин мазмен сылап тұру қажет.

Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса балабақшаға келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Баланың балабақшаға барлық бейімделу уақытында психологпен балабақшаның медицина – педагогикалық қызметі бақылауға алады.

Шешімі:

- | | |
|--|-----------------------|
| 1. «Баланың балабақшаға бейімделуі» | Жауапты: тәрбиешілер. |
| 2. ҰІӨ жоспарлап өткізуде айтылған ұсыныстарды назарға алып, кемшіліктермен жұмыс жүргізілсін. | |
| Жауапты: тәрбиешілер. | |

Кеңес төрайымы:
Хатшы:



М.Ахмедиева.
Г.Санаева.

«Ұлжан-Ана» бөбекжай балабақшасының

№3 хаттамасы

17.01.2025ж

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Баяндама: «Кітап- менің қазынам».
3. «Жүректен жүрекке» педагогтермен тренинг
4. Байқау «Үздік баяндама» (Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында)

1.Тыңдалды:Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы бақша меңгерушісі:М.Ахмедиева айтып өтті. Қазіргі кезеңде білім ғылым саласында инновациялық педагогикалық- психологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық психологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналады. Біздің балабақшада да инновациялық-психологиялар мен құралдар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, қабылдау мүмкіндіктеріне сай қолданылуда. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, іс- әрекеттеріне көрнекілік ойын технологиясын көбірек қолданған жөн деп санаймын.

2.Тыңдалды: Баяндама: «Кітап- менің қазынам». Тәрбиеші Қ.Базаралы баяндамасы тыңдалды.

3.Тыңдалды:Балабақша әдіскері М.Ахмедиева сөз алды.дәл қазір ішінара «Жүректен жүрекке» педагогтермен тренинг өткіземіз деді.

Мақсаты: педагогтар арасында сезімнің сыртқы көріністерін көрсете білу. Топта эмоциялық жайлылық қалыптастыру, жағымды қарым - қатынас орнату, көңіл - күйлерін көтеру, бір-біріне жүректен шыққан жылы лебіздерін сыйлауға жағдай жасау.

Әдіскер: Сәлеметсіздер ме, құрметті ұстаздар! Бүгін сіздермен кездескеніме өте ерекше қуанып тұрмын. Бүгін біз бір – бірімізге жылулығымызды сыйлаймыз, бір – біріміздің көңіл – күйлерімізді көтеруге тырысамыз. Ендіше барлығымыз келіп шеңбер құрып тұрайық.

1 жаттығу «Сәлеметсіңдер ме?»

Мақсаты: эмоционалдық қарым-қатынас және эмоционалдық комфорт орнату.

Балаларға 3 түрлі әдіспен амандасу ұсынылады:

- Қол алысу;
- Мұрындарын түйістіру арқылы;
- Құшақтасу;

Қазір біз бір-бірімізбен амандасамыз, бірақ амандасу әртүлі. Бірінші бір- бірімізбен қол алысайықшы. Ал енді мұрнымызбен амандасамыз. Соңында бір-бірімізбен құшақтасамыз.

2 жаттығу «Бір затқа дейін қолыңды тигіз» ойыны.

Біз бүгін бір-бірімізбен жақынырақ таныстық, ал енді кім қандай киім кигенін және ол қандай түсті екенін мұқият қарап алыңдар. Мен «бір затқа қолыңды тигіз» дегенде, сендер көршіңе немесе басқа қатысушыға қолыңды тигізуің қажет.

Мыс. «Көк түске қолыңды тигіз!» Бастаймыз!

3 жаттығу «Лимон және марғау»

Мақсаты: эмоциялық қысымды босаңсытуға арналған жаттығу

Көз алдарыңа елестетіңдер, оң қолымызға лимонды ұстап, оның шырыны шыққандай қатты сығуға тырысамыз. Жұдырығымызды түйіп қатты-қатты қысамыз. Шырынды шығардық! Ал енді бәріміз мысықтың баласы марғау сияқты боламыз, олар енді ғана ояңды және керіліп жатыр. Жақсылап керіліп-созылды! Қолымызды жоғары көтеріп, оңға, солға, жоғары қарай тартыламыз, мойнымызды бұрып, арқамызды созамыз! Ал енді қолымыздағы лимон шырынын жалаймыз. (қышқыл дәмді татқанда, бет - әлпеттеріңіз қандай болады?)

4 жаттығу. «Тікұшақпен саяхатқа шығу даярлығы»

Қазір біз тікұшақпен саяхатқа шығамыз, саяхатқа шығар алдында өзімізді тексеріп алайық. Менімен бірге қайталайсыздар.

1.Саяхатқадайындалыңыздар. (йә!)

2.Контакт.(қолдысозу)

3.Педальді тексер. (аяқты тарсылдату)

4.Локаторды тексер. (құлақты уқалау)

5.Желкенді тексер. (екі қолды көтеру)

6.Дүрбіні тексер. (көзді уқалау)

7.Экипаж мүшелерін тексер. (бірін-бірі құшақтау)

8.1-ден, 5-ке дейін санағанда у-у-у деңдер. 6-дан 10-ға дейін санағанда «ура!» деңдер.

Педагогтер қуанып, бір серпіліп қалды. Осындай тренингтер жиі блып тұрса деп пікірлерін айтып жатты.

4.Тыңдалды. Балабақша әдіскері М.Ахмедиева сөз алды.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ» МАҚСАТЫ:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

МІНДЕТТЕРІ:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанағыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Әр топ тәрбиешілері арасында Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында баяндамалар оқылды. Үздік деп танылған тәрбиеші Г.Шылғаубаева тақырып бойынша үздік іс-әрекетінен үзінді көрсетті.

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.
Ұсынылады:

бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

Шешім:

1. Тренинг педагогтермен жоспарлы түрде жүргізілсін.
2. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында күнделікті оқу іс-әрекетінде өтілуі талап етілсін. Жауапты: Тәрбиешілер

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



М.Ахмедиева

Г.Санаева

24.05.2024 ж

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы;
2. Оқу жылының қорытындысы.
3. «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілетін қалыптастыру барысында дидактикалық ойындардың алатын орны.»
4. Жазғы сауықтандыру жұмыс жоспарын талдап, бекіту;
5. Жазғы ұйымдастырылған іс әрекеттерінің кестесін бекіту.
6. Педагогтардың шығармашылық жұмыстарының есебі;
7. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерін талдау;

1. Тыңдалды: Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева айтып өтті. Өткен пед кеңесінің шешімдерінің орындалуына тоқталатын болсақ 1 бала дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ықпал ететін ойындарды жұмыс барысында ендіру жұмыстары жүргізіліп жатыр әсіресе алдымыз жаз мезгілі балалар таза ауада көп уақыт өткізеді. Түрлі жаттығу, спорттық сайыстар, эстафеталар, серуендер көптеп жоспарланып, іске асырылады. Сондай ақ баланың қозғалысын шешіндіру қимылдық дағдыларын және дененің икемділігін шапшаңдық күштілік төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыруға жұмыста және дене тәрбиесі сабақтарында қажетті жеке және қоғамдық гигиена дағдыларын дамытуға баса назар аударылуы қажет. Бала ағзасын шынықтыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Бала денсаулығын нығайту үшін комплексті әдістерге айрықша мән берілуі тиіс. Балалардың денсаулығын нығайтуға спортқа әуестендіріп, күн тәртібі ережелерін сақтай білуге, жаңа инновациялық жолдар арқылы шынықтыру сауаттылыққа тәрбиелеу балабақшаның яғни біздің негізгі мақсатымыз. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша айтылған ұсыныстар ескеріліп тиісті жұмыстар атқарылуда деген ойдамын .

2. Тыңдалды: Балабақша әдіскері Н.Тотанова оқу жылының қорытындысы туралы айтты. Құрметті әріптестер міне тағы бір оқу жылын артқа тастадық 2023-2024 оқу жылының мақсаты балалардың қабілеттерін ескере отырып жайлы дамытушы орта құру ойын түрінде тәрбиелеу оқыту және дамыту болатын. Дамытушы орта –бұл баланың іс-әрекетінің материалдық жүйесі, олардың рухани және физикалық дамуының функционалды мазмұны. Көрсетілген талаптар мен айқындалған зоналарға жеткілікті көңіл бөлу, балаға эмоционалды қозғалыс іс-әрекетін танып білуге қатысты жағдай жасауды байыту. Алайда биылғы оқу жылында қойылған мақсатқа толық қол жеткізе алмадық. Дамытушы орта құруда әлі де жұмыстар атқару қажет. Іс-әрекет ойын түрінде жоспарланып өткізіледі. Жылдық жоспарға белгіленген іс-шара , консультация , жиналыс , кеңестің барлығы өткізілді.

Атаулы мереке күндеріне арналған іс- шараларға топ тәрбиешілері, педагогтар, тәрбиеленушілер жақсы дайындалып аталып өтілді. Ашық іс-әрекет ашық есік күндері серуен, ойын –сауықтар да тыс қалмады. Аудандық «Жаңашыл мектепке жаңашыл ұстаз», «Мен зерттеушімін», «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» атты байқауларына тәрбиеші мен тәрбиеленушілеріміз қатысып жүлделі орындарға ие

болды. Бұдан бөлек балабақшада өткен байқаулар мен сайыстарда балалар мен тәрбиешілер қатысып марапатталды. Педагогтар мен тәрбиешілер түрлі ғылыми сайттарға өз жұмыстарын мақалалар жариялап сертификаттар алды. Тәрбиеленушілер мен тәрбиеші – педагогтардың диагностика нәтижелері қанағаттанарлық. Қорта айтқанда биылғы оқу – жылының кемшіліктерін негізге ала отырып 2023-2024 оқу жылының мақсат – міндеттерін анықтап жоспарға ендіреміз. 3.Тыңдалды: «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілетін қалыптастыру барысында дидактикалық ойындардың алатын орны» тақырыбында тәрбиеші Т.Сапарбекова баяндама оқыды.

4. Тыңдалды: Жазғы сауықтыру жұмыс жоспары туралы әдіскер

Н.Тотанова айтты. Жазғы кезеңде балалардың таза ауада болу уақыты ұзарады. Іс – әрекет қысқарады. Сабақтар ашық ауада өткізіледі. Сауықтыру – шынықтыру уақытында сабақтастық сақталмайды. Сондықтан да балалардың жыл бойы алған білімін, біліктілік дағдыларын қабілеттерін көрсетуге еркіндік береді. Жоспарлы жұмыс құру үлкен жетістікке, нәтижеге, ие болады. Сауықтыру шынықтыру жұмыстарының мақсаты: жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту эмоционалдық танымдық тұлғасын қалыптастыру, эстетикалық тәрбиені жетілдіру табиғи факторды пайдалана отырып шынықтыру. Әдіскер педагогтарды жазғы сауықтыруға арналған жұмыс жоспарымен таныстырады.

Сөйлегендер: Балабақша мейірбикесі Б. Бабаева. Жазғы уақыттағы балалармен жұмыстарды сауықтыру деп атайды. Осы арқылы оның мақсаты мен бағыты айқындалады. Денсаулықты нығайтуға қолайлы жазғы күндері дер кезінде пайдалану жіне әрбір баланың денсаулығын түзейтуге және шынықтыруға ұмтылу маңызды. Балалардың жазғы ас мәзірінде де көңіл бөлінеді. Балабақшада басты назар ас мәзірінің дұрыс түзілуі. Мен тамақ дайындау технологиясына аударылады. Тамақ әзірлеу ережелерін сақтап, ас мәзірін қадағалау жұмыстарына мейірбике жауапты, Балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева. балабақшаның жаз мезгілінің жұмыс жоспарымен танысып бекітілсін деген шешім шығарды.

5.Тыңдалды: Келесі мәселе жазғы ұйымдастырылған іс әркетінің кестесін бекіту туралы меңгеруші М.Ахмедиева айтып өтті. Балабақшаның жаз кезіндегі жұмысының негізгі мақсаты сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға арналған неғұрлым тиімді жағдайлар жасау және балалардың танымдық қызығушылығын дамыту болып табылады. Дәл осы маусымда балалар құрбыларымен араласудан көңілі көтеріліп, үлкен қуаныш пен әсерге бөленіп өзіне қажетті жаңалықтарды ашады. Сондықтан да жазғы іс- әрекет кестесі түзіліп жоспар түзіледі. Ерте жас топтары іс- әрекет саны 4,5 сағат. Кіші топтар -5,75.сағат.Ортаңғы топтар-6,25 сағат. Ересек топтар - 6,25.сағат.Топтардың жазғы іс-әрекет кестесі таныстырылып бекітілсін деген шешім шығарылды.

6.Тыңдалды:Педагогтардың шығармашылық жұмыстарының есебі туралы меңгеруші: М.Ахмедиева айтып өтті. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие жұмыстарының сапасын жетілдіру педагогтардың әзірлік деңгейіне тікелей байланысты. бұл деңгей және үнемі өсіп отыруы да қажет. Шығармашылық жұмыс кез келген мамандықтағы өз ісіне шығармашылықпен және жауапкершілікпен қарайтын әрбір маман үшін қажеттілік болып қалыптасып отыр. Бұл әсіресе моральдық және әлеуметтік тұрғыдан жоғары жауапкершіліктегі ұстаздық кәсіпке алдымен тән жағдай.Бүгінде ғылым білімге қояр талап артып оқу жүйесі де күрделенген шақта жаңа қоғам педагогіне жүктер жүк еселене түсуде. Педагогтер қауымы алдында жай білім беру ғана емес сонымен қатар өркениет көшіне жол бастайтын әрі ұлттық рухта сусындаған білімді дарынды азаматтар тәрбиелеп шығару міндеті тұр.

Педагогтің кәсіби даму шеберлігі алған дипломнан кейін әрі қарай тоқтап қалмауы керек. Б\б педагогтері мен тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарының есебін тыңдайық.

1.М.Ахмедиева. Білім беру салаларын кіріктіру арқылы балаларды қоршаған ортаны саналуандылығымен тануға тәрбиелеу.

2.Т.Сапарбекова. Табиғатты қорғайық.Балалардың логикалық ойлау қабілетін жетілдіру.

3.Д.Бегежан. Желісі рольдік ойындар арқылы балалардың әлеуметтік икемділігі мәдениеттілігін дамыту.

4.Г.Султанова. балалардың сенсорлық дамуындағы ойыншықтар маңызы.

5.Р.Әбдуәлі.Табиғат ортасы

Барлық тәрбиешілер мен педагогтер өз шығармашылық тақырыптары бойынша есеп берді.

8. Тыңдалды:Ашық ұйымдастырылған іс –әрекеттерін талдау туралы әдіскер

Н.Тотанова сөз алды. Балабақшаның жылдық жоспарына сай сәуір айында тәрбиеші

Т.Сапарбекова. Не? Кайда?Қалай? тақырыбында кіріктірілген ҰІӘ тәрбиеші

А.Ускенбаева «Әдемі гүлдер» жапсыру. Мақсаты:күтілетін нәтижеге сай келеді.

Бағдарлама міндеттері орындалды.Балалармен тәрбиеші арасында жақсы қарым – қатнас болды. Іс-әрекет балалардың жас ерекшеліктеріне сай келеді. Балалардың қызығушылығы басым. Тәрбиеші балаларды ұйымдастыра алды. Балаларды мақтап мадақтап іс-әрекетті аяқтады. Ұсыныс: балаларды белсенді әрекетке тарту көбірек сөйлету.

Шешім:

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп табылсын.

2.Оқу жылының қортындысының нәтижесі бойынша кемшіліктерді келесі оқу жылының жылдық мақсатына ендірілсін.

3.Жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітілсін.

4.Жазғы ұйымдастырылған іс-әрекетінің кетесі бекітілсін.

5.Педагогтар шығармашылық жұмыстарын толықтыру бойынша жұмыстар жүгізілсін.

7. Ашық іс-әрекет айтылған ұсыныстар бойынша тиісті жұмыстар жүгізілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



М.Ахмедиева.

Г.Санаева.